

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
“Балдырган” бөбекжай балабақшасы

# “Ойлай отырып Ойнайык”

Балалармен тренинг

Психолог: М.Жаркимбаева

2023 ж.

## Ойлай отырып, ойнайық!»

Тақырыбы: «Ойлай отырып, ойнайық!»

Мақсаты: мектеп алды дайындық тобы тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерін ойын арқылы дамыту.

Сабак түрі: ойын, тренинг сабагы

Сабак өдісі: ойын

Қажетті құралдар: суреттер, слайд.

Ұйымдастыру:

Тренинг ережесі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар! Көңіл - күйлерің қалай, жақсы ма? Ендеше, бүгінгі ойын сабағымызды бастамас бұрын, әрбір ойынды ойнағанда мына ережелерді есімізге сақтап алайық, сонда ойынымыз сәтті өтеді.

\*Күлімсіреу;

\*Бір - біріне кедергі жасамау;

\*Өзгенің пікірін сыйлау;

\*Сөзді білмеу, тыңда;

Барысы:

I. Кіріспе сез.

II. Танысу рәсімі:

«Достық тренингі». Топ мүшелерін біріктіру, топта жағымды ахуал құру, жұмыс белсенділіктерін арттыру.

Қатысушылар шеңбер құрып тұрады. Өз есімін теңеу сөздермен(өзін қалай атаған ұнайды?) таныстырады да, бір - бірінің қолдарынан ұстайды. Жаттығу осылай жалғасады, барлық қатысушылар қамтылу керек. Соңында «достық шеңбері» пайда болады.

III. «Шеңберді бұзып кір!». Қатысушылар шеңбер болып тұрады. Олардың біреуі шеңбердің сыртына шығып, қалғандары қол ұстасады және бір - біріне тығыз тұрады. Басты ойыншы кез келген әдіспен, күшпен, айла - амалмен шеңбердің ішіне кіру керек.

IV. «Белсенді әріптер».

Әр топқа әр түрлі әріптер көрсетіледі және 1 минуттан уақыт беріледі. Сол берілген уақыт ішінде тек тиесілі бір топ ғана көрсетілген әріптен сәз ойлап айтып, жарысады. Бұл ойында балалардың ойлау қабілетін арттыруға бағытталады.

Талдау: 1. Балалар, ойын ұнады ма?

2. Жауап беру қынға соқты ма?

V. Тұрлену.

Шарты: берілген әр түрлі андарды, жеміс - жидектерді, мамандықтарды, т. б. ым - мимика, яғни пантомима әдісімен құмылдан бейнелеу, көрсету. Қалған балалар жасырылған бейнені табады.

VI. «Ертең ойлап тап!». Суретке қарап қызықты ертегі, өңгімені ойдан құрастыру. Әңгіме, ертегілер кейіпкерлерінің суретін көрсете отырып, балалар сол сурет бойынша ретімен өз ойларынша ертегіні өзгертіп, қияли түрде құрастыру қажет. Бір окушы басын бастаса, келесі оқушы жалғастырады.

Талдау: 1. Ертең ойлап шығару қыын болды ма?

2. Жан - жануарлардың бір - бірімен тату болғанын қалайсындар ма?

VII. «Ойлан, тап!»

1. Айғулдің алдында 3 зат түр: кітап, доп, қарындаш (немесе т. б. нәрселер) қойылады.. Допты қозғамай қалай шетіне қюоға болады?

2. Үстел үстінде 4 алма түр (немесе т. б. нәрселер). 1 алманы алып, ортасынан бөліп қайтадан қояды. Үстел үстінде неше алма болды?

VIII. «Ойлан, не болуы мүмкін?!»

Егерде,

«... ертегі кейіпкеріндегі бауырсақ болсаң,...»

«... адамдар құстарша ұшуды үйренсе,...»

«... иттер адамша сәйлесе бастаса,...»

«... су құбыры кранынан шырын аға бастаса,...»

IX. «Күлегештер»(смайликтер) салу. Балалар бүгінгі ойын - тренингтерден алған өсерлерін, көніл - күйлерін ақ қағаз бетіне күлегештерді сала отырып, ол арқылы өзінің көніл - күйін көрсетеді, салады, өз еркісімен өсемдеуге болады.

Қорытынды.

- Жақсы, балалар, бүгінгі ойын сабагымыз сендерге жақсы көніл - күй сыйлаған еken, оны қолдарыңдағы күлегештердің көніл - күйі арқылы байқап тұрмын.

- Осылайша, сабақтарда ойындарды ойнағанда үнемі дұрыстап ойланып, белсенді ойнасаныңдар, өздеріңнің ақылды бала екендерінді дәлеледеп, көрсетесіңдер. Бақытты балалық шақтарында әрдайым өмірде күлімдеп, ақылды болып жүріңдер!

- Сау болыңдар, балалар!

Кері қайту







Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
“Балдырған” бөбекжай балабақшасы

# “Барлық әлем мен үшін”

Балалармен тренинг

Психолог: М.Жаркимбаева

2023 ж.

БАЛАЛАБАҚШАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ  
*Мектепалды дағылышқа топ балаларына арналған психологиялық тренинг*

*«Барлық әлем мен үшін».*

**Тренинг мақсаты:** баланың танымдық дамуын, эмоционалдық қызығушылықпен қабылдайтын қарым – қатынастар арқылы қалыптастыру. Баланы белсенді әрекеттерге талпындыру. «Сезіну – таныт білу – жүзеге асыру» –осы уиғағында жұмысты ұйымдастыру. Тапсырмалар мен ойындар барысында баланың зейінін шоғырландырып, назарын аудару. Олармен ойынның әр түрлі ұйымдастыра отырып, бір – біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жсанашырылыш, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеу.

**Тренинг міндеті:**

- Танымдық белсенділігін арттыру
- Шығармашылық қабілетін дамыту
- Ойын барысында баланың жеке бас қасиеттерін қалыптастыру.

**Тренинг барысы:**

1. Шаттық шеңбері.
2. «Сиқырлы дыбыстар» ойыны
3. «Ұқсас сөздер» ойыны
4. «Кім тапқыр» ойыны
5. «Керегін тап» ойыны
6. Ширату
7. Сергіту сәті
8. «Көршісін тап» ойыны
9. Қоштасу

*Шаттық шеңбері:*

Жарқын, жарқын үніміз,

Болашақтың гүліміз.

Балалық шақ үйінің

Жайнап тұрган гүліміз.

Сәлеметсіздер ме, қонактар!

Хош келдіңіз бәрініз!

## **«Сиқырлы дыбыстар» ойыны.**

**Мақсаты:** ойлауды, берілген дыбыспен сөзді атау іскерлігін дамыту.

Барысы: психолог балаларға сиқырлы дыбыстар мен ойын ойнауды ұсынады:

- «Ш, Ж, С» дыбысына басталатын сөздерді атаңдар. (шана, жастық, сағат)
- «Р» дыбысы бар көкөніс, жеміс –жидектерді (жүгері, алмұрт, қарақат)
- «Л» дыбысы бар заттарды ( үстел, гүл, каламсап) атаңдар.
- «Д, К, Ө» дыбысынан басталатын шеңбер пішінді заттарды атаңдар (дол, күн, өрік)

## **«Үксас сөздер» ойыны.**

**Мақсаты:** синонимдерді анықтау дагдыларын дамыту.

Барысы: психолог «үлкен» сөзін ұсынады, балалар: «ірі, дәу, зәулім».

Мейірімді – жанашыр, жылышқурек, жақсы.

Аласа –кішкентай , төмен –және т.б

Жаман – соткар, бұзық, зұлым.

Салқын – сұық, боран, аяз.

Куану – шаттану, ренжу – өкпелеу, кейіс таныту.

## **«Кім тапқыр» ойыны.**

**Мақсаты:** ойлауды, сандар мен әріптер кеспе қағаздары арқылы сурттерді құрастырып атайды және айтады.

## **«Керегін тап» ойыны**

**Мақсаты:** зейіні, киялы, ойлау арқылы әр затқа бағытталған керегін атаяу.

## *Шырату.*

**Мақсаты:** логикалық сұраптармен балаларды қызықтыра білу.

1. Қандай ыдыстан тاماқ жеуге болмайды? (Бос)
2. Қандай сұрапка «иә» деп жауап бере алмайсың? (Үйықтап жатырсың ба?)
3. Ақ доп Қара теңізге түссе не болады? (Су)
4. Жұмылған көзбен не көруге болады? (Түс)
5. Кішкентай сүр пілден аумайды. Ол не? (Пілдің баласы)
6. Өзінді неден коре аласын? (Айнадан)

7. Дәрі – дәрмек сататын орын. (Дәріхана)
8. Қайшының неше сақинасы бар? (Екі).

### *Cergitу сәми*

1 дегенде тұрайық

2, 3, 4 алақанды согайық

Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып

Біз шынығып алайық.

### **«Көршісін тап» ойыны**

**Мәседи:** зейінін, ойлдауын дамыта отырып сандардың алдыңғы артқы көршілерін атаяу.

Балдай тәтті баламыз,

Ақылдымыз данамыз

Ойынменен өседі

Ойымыз бен санамыз.

Кол ұстассақ бәріміз,

Жарасады сәніміз.

Көріскенше күн жақсы,

Сау болыңыздар бәріңіз!

### **Күтілетін нәтиже**

**Білу керек:** «Сезіңу –танып білу – жүзеге асыру»

**Менгеру керек:** Тапсырмалар мен ойындар барысында баланың зейінін шоғырландырып, назарын аудару.

жұптарын тауып және неліктен олайтынын айтады. Мысалы: фасоль суретіне мен горохтың суретін жұп қылып топтастырдым. Себебі екеуіде асқа жатады.

Психолог негізгі дұрыс жауапты алғанинан соң, суреттің орнын ауыстырып жұптарын бірінің астына бірін койып отырады. Содан соң балалардан калған суреттің жұпатары қандай болғанын еске түсірулерін сұрайды.





Түркістан облысы Қазығұрт ауданы  
“Балдырған” бөбекжай балабақшасы

# “МАД тобы танымдық қабілетін артыруға арналған жаттығулар”

Балалармен тренинг

Психолог: М.Жаркимбаева



## **Мектепалды даярлық топтарында танымдық қабілеттін дамытуға ариалған тренинг-жаттығулар**

### **«Суреттің жұбын тап» ойыны.**

Максаты: Баланың ойлау қабілеттін, есте сақтауын және тілін дамыту

Қажетті құралдар: Магниттік тақта, магниттер, 12 жұп суреттер: фасоль – горох, анар - алма, шәйнек - кесе, қораз - әтеш, аққу – шагала, шегіртке – құмырска, күрек – тырна, қызғалдақ – раушан, ешкі – қой, қасқыр – аю, картоп – сәбіз, кітап – дәптер.

Ойын өтілу барысы:

Психолог магниттік тақтаға ойнаның суреттерін іледі. Суреттердің орналасуы: жоғарғы қатарына – фасоль, алма, шәйнек, қораз, аққу, құмырска, күрек, қызғалдақ, ешкі, қасқыр, кітап, сәбіздің суреттерін қояды. Тәменгі жағына – горох, анар, кесе, әтеш, шагала, шегіртке, тырна, раушан, қой, картоп, дәптердің суреттерін қояды.

Балаларға жоғарғы қатардан сурет таңдалп тәменгі қатардан сол суреттің жұбын тауып топтастыру керек екенің түсіндіреді. Балалар кезекпен жұптарын тауып және неліктен олай ойлайтының айтады. Мысалы: фасоль суретіне мен горохтың суретін жұп қылып топтастырым. Себебі екеуде асқа жатады.

Психолог негізгі дұрыс жауапты алғанан соң, суреттің орның ауыстырып жұбтарын бірінің астына бірін қойып отырады. Содан соң балалардан қалған суреттердің жұбтары қандай болғанын еске түсірулерін сұрайды.

### **«Тұлқінің балалары мен бүркіт»**

Максаты: зейінің, ерік жігерін дамыту.

Ойын барысы

Балалар 1,2 санау арқылы немесе өз еріктерімен тұлқілер және бүркіттер болып екіге бөлінеді. Бүркіттер тұлқілерді аңдып бір жерде жинальып отырады. Тұлқілердің ішінен біреуі тұлқі болып қалғандары тұлқінің балалары болады. Тұлқі ортаға тұрып қандайда бір қимылдар жасап, оны әртүрлі қылып өзгертіп жасай береді. Тұлқінің балалары анасының жасағандарын қалмай қайталап жасап отыруы керек. Кім қимылдарды жасауға үлгірмей немесе жасай алмаса соны бүркіттер алып кетеді.

Анасымен қалған тұлқі баласа жеңімпаз болып саналады. Ойын жүргізушилері ауыстырылып 2-3 рет қайталанады.

Ескерту. Ойынды көнілді әуен қосып ойнаған жақсы.

### **«Көкөністер» ойыны.**

Мақсаты: Баланың сөздік қорын байыту, зейінің дамыту, өзара келісімге келуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Көкөністердің суреті бала санына қарай.

Ойынның өтілу барысы:

Психолог әрбір балаға көкөністің суреті бейнеленген карточкаларды таратады. Балалар шенбер құрып тұрады да, әрқайсысы қолдарындағы қандай көкөніс екенін айтады. Содан соң психолог шенбер ішіне кіріп қандайда бір көкөністің атауын атайды. Аталған көкөністің суреті бар бала шенбер бойымен айнала қашады, ал жүргізуші баланы күа жөнеледі.

Ойыншы ұсталап қалмауы үшін балалардың қолындағы қандайда бір көкөністің атауын атауы қажет. Сол кезде кімнің қолындағы көкөністің атауы аталса сол ортага шығып, қаша жөнеледі. Ал, 1 ойыншы көкөністің атауын атаған бойда орнына тұрады. Жүргізуші ұстап алам дегенше келесі көкөністің аты аталады. Ойын осылай жалғаса береді.

Ескерту: Алғашқы ойын кезінде психолог жүргізуші орнына ойнайды, кейінен жүргізушіні балалар арасынан таңдайды.

### **«Суретті есіңе сақта» ойыны.**

Мақсаты: көру есін және зейінің дамыту.

Қажетті құралдар: Ойын карточкалары бала санына қарай.

Ойынның өтілуі барысы:

Психолог әр балаға ойынға араналған карточкаларды таратады және зейін қойып назарларын аударуын сұрайды. 10 сек. соң карточканы аударып «суретте не орналаскан» деп сұрайды. Балалар кезекпен жауап беріп отырады. Кейін карточкаларды ауыстырады. Ойын осылай жалғаса береді.

Ескерту: Дұрыс жауапқа балаларға жұлдызша немесе фишка беріп отырады. Осылай женімпаз анықталады.

### **«Ұқсас сөздер» ойыны**

Мақсаты: синонимдерді анықтау дағдыларын дамыту.

Барысы: психолог ойын ережесімен таныстырады. «Балалар бұл ойында мен атаған сөзге, ұқсас сөз айтударың керек». Мысалы: психолог «ұлken» сөзін ұсынады, балалар: «ірі, дәү, зәулім».

Мейірімді - жанашыр, жылыжүрек, жақсы.

Аласа - кішкентай, биік емес және т.б.

### **«Сиқырлы дыбыстар» ойыны**

Мақсаты: ойлауды, берілген дыбыспен сөзді атау іскерлігін дамыту.

Барысы: Мұғалім балаларға сиқырлы дыбыстармен ойын ойнауды ұсынады:

- «Ш, Ж, С» дыбысына басталатын сөздерді атандар.

- «Р» дыбысы бар көкөніс, жеміс-жидектерді (жүгері, алмұрт, қарақат), «Л» дыбысы бар заттарды (үстел, гүл, қаламсап) атандар.

### **«Көбелектер әлемі» жаттығуы**

Мақсаты: релаксация және қиялын дамыту.

Қажетті құралдар: MP3, баяу орындалатын музыка, кілемшелер (бала санына карай)

Жаттығудың отілу барысы:

Балалар кілемшеге шалқасынан жатып, аяқ – қолдарын еркін созады.

Психолог арнағы релаксацияның әуенің қосып былай дейді: «Көздерінді жұмып, менің даусымды естіндер. Женіл әрі жаймен демалындар. Өздерінді керемет жаздың шуакты құнінде шалғанда жүргендерінді елестетіндер. Дәл қазір сендердің көз алдарыңа ғажайып көбелек гүлден – гүлге ұшып жүргенің көріп тұрсындар. Оның қанаттарының қымыл – қозғалысына қарандаршы! Ол қанаттарың женіл әрі әсем етіп қозғалтады. Енді әрқайсыларың осы көбелектің ғажайып үлкен әрі керемет қанаттарын өздеріне қиялданап көріндерші! Сендердің қанаттарың тәмен – жоғары баяу қалықтап қозғалып жатқаның сезініндер! Ауада баяу қалықтап жүргендерінді сезініп рахаттаңындар! Ал енді өздерің ұшып жүрген жерлерінентемендегі жапжасыл болып тұрған шалғанға зер салындар. Қарандаршы, қандай жайқалып тұрған гүлдердің көптігін! Көздеріңмен ең әдемі гүлді тауып алып соған жақындау түсіндер! Енді сендер өздеріңнің гүлдеріңнің иісің сезініндер! Жайменен қалықтап осы гүлдің анқыған исінің ортасыңа отырындар! Тағыда оның жұпар исімен демалындар... енді көздерінді ашындар!

Балалар кезекпен өздеріңің сезімдері жайлы айтады.





